

ТІЛДІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Қ. Б. Абирова

АДАМГЕРШІЛККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Кішілік пен ақ пейілділік – ұлылықтың белгісі.
(*Махмұд Қашқари*).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы «Білім туралы» заңында, білім беру жүйесінің міндеттерінің бірінде:

«а) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

ә) жеке адамның шығармашылық, рухани күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту,» - делінген.

Адамгершілік ұғымы – адамдардың күнделікті қарым-қатынасына байланысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет/1/.

Яғни, адамгершілік ұғымын – қоғамдық қатынастардың тарихи-мәдени дамудағы рухани қажеттіліктің нәтижесі деп түйіндеуімізге болады.

Баланың адамгершілігі мен мәдениетін қалыптастыру тәрбиесін жүзеге асыру проблемасы педагогикада өзекті мәселелердің негізгісі. Ал, тәрбие дегеніміздің өзі – адамның жан дүниесін ізгілікке баулу болып табылады. Осы орайда Мағжан Жұмабаевтың: «Жер жүзіндегі басқа жан иелерімен салыстырғанда адам баласы туғанда өте әлсіз, зағып, осал болып туады. Малдың төлі туа сала аяқтанады. Тауықтың балапаны жұмыртқадан жарылысымен жүгіріп кетеді. Ал адам туғанда іңгәлаған айғайы мол берік кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз, өсуі, ұлғаюы тым сараң, тым шабан. Мінеки, адам баласы осылай өте әлсіз болып туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды,» -деген пікірінде де тәрбиенің өзіндік ерекше функциясын аша түседі.

Адамгершілік тәрбиесі – тұлғаның адамгершілік сана-сезімін, іс-әрекетін қалыптастырып, құндылық бағдарын айқындайтын тәрбие. Бұл

тәрбиенің түрі адамгершілікке негізделген қарым-қатынас тәрбиесін игертеді. ...білім-білік, дағдыларды игертумен бірге тұлғаның ар-ұжданын, танымдық қызығушылығын кешенді түрде дамытады /1/.

Адамгершілік тәрбиесінің нәтижесі – адамдық тәрбие. Ол тұлғаның қоғамдағы бағалы қасиеттері мен сапаларын қарым-қатынас барысында қалыптастырады. Рухани адамгершілік тәрбие – бұл түзу дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Сондай-ақ, адамгершілік тәрбиесі – белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасты, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастырудағы және адамгершілік сезімді, қарым-қатынасты дамытуда, жалпы адамзаттық құрамдас бір бөлігі.

Қоғам үшін құнды адамгершілік әдеттерді қалыптастыру баланың адамгершілік нормаларын ұғынуын және өзінің ішкі түрткілерін, уәждерімен қалау сезімдерін саралау қажет. Баланың адамгершілік мінез-құлқы оның қоғамға, адамдарға, өзіне, дүниеге, табиғатқа деген қатынасын көрсететін қылықтарынан, сонымен бірге тұрақтылыққа, орнықтылыққа апаратын адамгершілік әдеттерінен құралады.

«Адамгершілік қасиеттері мәдениетті мінез-құлықты қалыптастырумен байланысты – деп көрсетеді Төлеубекова Р.К. – балаларды жас кезінен-ақ жақсы әдет-ғұрыпқа дағдыландыру, оларды адамдарға жақсылық жасауға үйрету, үй тұрмысындағы жоғары мәдениетке деген сүйіспеншілік дарыту өте маңызды. Мәдениетті мінез-құлыққа тәрбиелеу – ұзақ уақытты керек ететін күрделі процесс. Оны берік қалыптастырып, баянды етуге тек мектептің, семьяның, балалар мен жастар ұйымдарының күнделікті тәрбие жұмыстары арқылы ғана қол жеткізуге болады /2;17/,» - дейді.

Негізгі адамгершілік сапалар – тазалық, әділдік, борыш, ұқыптылық, жауапкершілік, ар,

намыс, гуманизм, еңбексүйгіштік, үлкенді сыйлау сияқты қасиеттерді жатқызамыз.

Халықта: “Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің” деген мақал бар. Тәлім – тәрбие болмаған жерде адамгершілік мәдениеттің ұшқыны да көрініс таппайды.

Адамның адамгершілігі – оның жоғары қасиеті, былайша айтсақ, кісілігі. Оның негізгі белгілерінің бірі – адамдық ар-намысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға ұмтылу, соған дайын болуды айтамыз.

А.И. Левшин: «Қазақтардың – басқа Азия халықтарына қарағанда, қайырымдылық, адамды аяу, қарттарға құрмет көрсету, баланы аялап, жанындай жақсы көруі – айрықша қасиет» - деген көзқарас білдіреді. Яғни, бұл көзқарас бойынша қазақ елінің рухани байлығын көрсетеді.

«Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі»- деп Әл-Фараби айтқандай, педагогика ғылымы зерттейтін негізгі категорияларының бірі – тәрбие.

Тәрбие адам тағдырын ойластырады, болжайды, алдын-ала адамның рухани өмірінің көптеген негіздерін сақтайды, тәрбие алыс пен жақын адамдарға және өзін қоршаған ортаға қатынас орнатады. Тәрбие – ұлылар өсиетін сақтата отырып, олардың адамгершілік құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Адам тіршілігіне тек қана материалдық жағдайлар ғана емес, тәрбие – адамзат тіршілігінің міндетті шарты екені белгілі. Олай болса, болашақ ізбасарларға адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда ойындардың, ертегі-аңыздардың, мақал-мәтел, жұмбақтардың орны ерекше. Ертегі мен аңыздар баланың тұлғалық дамуын жеделдетеді. Өзінше қиялдауға жетелейді. Ол дегеніңіз, болашақта шығармашылыққа апаратын баспалдақ. Ал, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, салт-дәстүрлер де бала жанын ізгілікке тәрбиелейді. Сонымен бірге, ұлттық мінез, қалып, түсінік, бояу, бір сөзбен айтқанда, ұлттық тәрбиеге баулиды. Демек, адамгершілік тәрбиенің мәнін аша түседі.

Орыстың ұлы жазушысы М. Горький: «Халықтың өткендегі тарихын, тұрмыс тіршілігін, әдет-ғұрпын, ұрпақ тәрбиелеу тәсілін жақсылып зерттейміз десек, ауыз әдебиетін білуге тиіспіз!» - деген болатын. Бүгінде баланың рухани дүниесін байытып, жан дүниесін ізгілікке баулу, ең әуелі – халықтың ауызша шығарған шығармаларынан бастаған абзал.

Ауыз әдебиеті шығармаларында халықтың дүниетанымы, өмірге көзқарасы көрінеді,

халықтың ұғымы мен түсінігі байқалады. Халық ауыз әдебиетін халықтың ауызша шығарған, ауыз екі түрінде таратқан сөз маржандары құрайтыны белгілі. Ауыз әдебиеті ғылыми термин ретінде «фольклор» деп аталады. Алғаш 1846 жылы ағылшын ғалымы У.Дж. Томсон енгізген бұл термин ағылшынша – халық даналығы (folk – халық, loge – білім, даналық) деген ұғымды білдіреді. Фольклор ұғымы алғашында халықтың рухани, кейде материалдық деп түсінгенімен, уақыт өте келе бұл ұғымның аясы тарылып, оған ел арасындағы аңыз-әңгімелерді, ертегілерді, өлең жырларды, мақал-мәтелдерді тағы басқа халықтың шығармашылықтарын жатқызды.

Жазу-сызу болмаған заманда педагогикалық идеяларды ұрпақтан-ұрпаққа, осы ауыз әдебиеті мұралары негізінде жалғасын тапты. Аңыз-әңгімелер, ертегілер, батырлар жырларында, мақал-мәтелдерде және шешендік сөздердегі мәнді педагогикалық ойлар мен тұжырымдарда бейнеленді.

Халық ауыз әдебиетінің мазмұнында гуманизм, патриотизм, еңбек сүйгіштік, адалдық, сабырлық, табандылық, кішіпейілділік сияқты адамгершілік қасиеттер негізгі орынға ие. Сондықтанда қазақ халқының ауыз әдебиеті жас ұрпақты патриотизм рухында, Отанын, елін, тілін сүйуге, оның мәдени байлығын, өткені мен бүгінгісін қастерлеу рухында, адамгершілік қасиетті иемденген тұлға ретінде тәрбиелейді.

«Халық әдебиетінің басқа түрлері секілді, ертегілер де адам баласының еңбек кәсіп ету, тұрмыс-тіршілік құру тәжірибесіне байланысты туған. Жаратылыс құбылыстарын, табиғат сырын жетік білмеген, олардың неліктен болатындығын толық түсінбеген ертедегі адамдар әр нәрсені қиял еткен; өздерінің ауыр еңбектерін жеңілдету жайын қарастырған. Бұл жөнінде ұғым-түсініктерін, наным мен сенімін әңгімелеп айтатын болған. Сөйтіп ертегі-әңгімелердің алғашқы үлгілері туған,» - деп М. Ғабдуллин, ертегі жайлы мәлімет береді.

Қазақ ертегілердің мазмұнындағы ерекшеліктеріне байланысты:

1. Қиял-ғажайып ертегілер;
2. Хайуанаттар жайындағы ертегілер;
3. Тұрмыс-салт ертегілері және аңыздар.

Қайсы бір ертегіні алмайық адам жанын ізгілікке баулудың элементтері кездеседі. Мысалы, «Ертөстік», «Жеті өнерпаз», «Сыртандар», «Алтын сақа», «Тепең көк», «Мақта қыз бен мысық», «Аяз би», «Үш ауыз сөз» және т.б. ертегілер баланы адами тәрбиеге жетелейді.

Халық ауыз әдебиетінің бір түрі – аңыз-әңгімелер, бала қиялын дамыта отырып ізгілікке баулуда құнды шығарманың бір түрі. Аңыз-әңгімелердің мазмұны – жамандықтан жиреніп, жақсылыққа ұмтылуды суреттейді. Мысалы, «Екі дос», «Сыншының баласы», «Қос қырсық», «Ақылгөй торғай», «Байлық пен ақыл», «Екі батыр», «Молда мен бала», «Бір басқа бір сөз», «Құмырсқа», « санасыздың сазайы», және т.б.

«Қос қырсық» атты аңыз-әңгімеде:

«Бір күні дастарқан басында екі қырсық ұшырасып қалады. Алдарында сынық сүйем шұжық бар екен.

- Сен тура, - дейді біріншісі.

- Жоқ сен тура, - дейді екіншісі.

- Жоқ, сен тура.

- Сен тура.

Екеуі шұжықты біріне-бірі итереді. Әрі-бері ысырысып отырғанда, шұжық еденге түсіп кетеді. Енді олар:

- Сен көтер.

- Жоқ, сен көтер, - деп ерегеседі бірімен-бірі.

Ертеден бері терезе алдында басын қисайтып, қызығып отырған мысық сол сәтте еденге секіріп түсіп, шұжықты ала қашады.

- Сен қу.

- Жоқ, сен қу,- деп, қос қырсық ауыздары аңқиып қала беріпті»/3; 313-314/.

Бұл шығарма арқылы бала күнделікті өз бет-бейнесін көруі мүмкін. Яғни, осындай шығармаларды оқу барысында бала өз ішінен өз қимылын талдайды. Өзін-өзін саналы түрде тәрбиелейді.

Мақал-мәтелдер жайында, М. Горький былай дейді:

«Адамдардың еңбек процесінің нәтижесінде ертеде пайда болды. Бұл көркем өнердің пайда болуына адамдардың еңбек тәжірибесін сөздік формада ұйымдастыруға ұмтылу себеп болған еді», - деген сипаттама береді. Оқырманды еңбексүйгіштікке, имандылыққа, жақсылық жасауға, оқуға, ізеттілікке, әділдікке, өз елін сүюге баулиды. Еңбек адамды мұратына жеткізудің

баспалдағы секілді. «Еңбегі бардың – өнбегі бар», «Еңбексіз тапқан мал, есепсіз кетер», «Түстік өмірің болса, кештік мал жина», деген сияқты мақалдарды балаға оқып беріп, бірге талдау қажет. Сонда бала бұл сөздің мәніне үңіліп санасының қойнауында сақталып қалады.

«Ердің екі сөйлегені өлгені», «Қоянды – қамыс өлтіреді, ерді – намыс өлтіреді», «Ел-жұрты бардың жұтамы жоқ», «кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Жақсы сөз – жарым ырыс», «Ақымақпен тойға барғанша. Ақылдымен бірге тас тасы», «Шын жомарт жоқтығын елемейді, шын жүйрік тоқтығын елемейді» деген сияқты басқа да мақалдарды баланың жас кезінен бастап үйретіп, бірге талқылап жатсақ баланың рухани дүниесін байытатынымыз белгілі. Бір баланы біз бір қоғам ретінде қарауымыз керек. Себебі, бүгінгі жас бала ертең қоғамның дамуы немесе құлдырауына бірден-бір себеп болатын тұлға екені белгілі.

Қорытындылай келе, ертеңгі еліміздің болашағы осы өскелең ұрпақтың қолында деп жатамыз. Ал қазақ елінің іргесін берік ұстайтын қазақ жастары, әрине, қазақ азаматы деген атқа лайық болуы қажет. Адам өз тарихын, әдебиетін, тілін, ділін білмесе өз жерінде тұра, онда бұл елдің құлауының көрінісі болса керек. Сондықтан да бүгінгі өскелең ұрпақты халық ауыз әдебиетінің сөз маржандарымен сусындата отырып, адамгершілікке баулудың маңызы зор.

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Педагогика және психология. -Алматы: «Мектеп» 2002.

2. Төлеубекова Р.К. Адамгершілік тәрбиенің негіздері. -Алматы,1991.

3. Ел аузынан. Құрастырушылар: Адамбаев Б., Жарқынбекова Т. –Алматы, 1992, 365 бет.

* * *

В этой статье рассматривается нравственное воспитание подрастающего поколения на устном народном творчестве.

* * *

Moral upbringing of our rising generation which based on oral folk creation is considered in this article.